

ХАБАРЛАМА: 2013 жылдың 30 мамырында "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы болып өтеді

"Қазақстан қор биржасы" (бұдан әрі – биржа), мекен-жайы Қазақстан Республикасы, 050040 Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-ші қабат, өз акционерлеріне 2013 жылдың 25 сәуіріндегі Биржалық кеңестің шешімі негізінде (№10 отырыс хаттамасы) шақыртылатын, биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **2013 жылдың 30 мамырында** Алматы уақытымен сағат 15.00-де: Алматы қ., Бөгенбай батыр көш, 115, Tien Shan Hotels, "Салтанат" залы мекен-жайында, келесідей күн тәртібімен болып өтеді:

1. Биржаның 2012 жылдағы қызметі туралы.
2. Биржаның 2012 жылға жылдық қаржылық есеп берушілін бекіту туралы.
3. 2012 жылға биржаның таза пайдасын бөлу тәртібі туралы.
4. Биржаның 2013 жылға есеп берушілігі бойынша аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау туралы.
5. Акционерлердің биржа және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне шағымдары, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы.
6. Биржалық кеңестің және Биржа Басқармасының 2012 жылға сыйақысының көлемі мен құрамы туралы ақпарат.
7. Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу туралы.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2013 жылдың 30 мамырында 2013 года Алматы уақытымен сағат 14.00-ден 14.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Кворум болмаған жағдайда қайталама жиналыс 2013 жылдың 31 мамырында Алматы уақытымен сағат 10.00-де Алматы қ., Бөгенбай батыр көш, 115, Tien Shan Hotels, "Салтанат" залы мекен-жайында болып өтеді. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2013 жылдың 31 мамырында Алматы уақытымен 09.00-ден 09.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдармен: Қазақстан Республикасы, 050040 Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 7-ші қабат, 706 каб. мекен-жайы бойынша, жиналыс өтер алдында кемінде он күн бұрын, танысуға болады.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде жиналысқа қатысушылардың жеке куәлігі, ал акционерлердің оған қоса өкілдерінің, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген, жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқық беретін сенімхаттары болуы тиіс.

Осы жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2013 жылдың 30 мамырындағы сағат 00.00-дегі жағдай бойынша құрастырылады.

Анықтама үшін телефондар: (727) 237 53 17; 237 53 07; 257 53 00.